

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА



**"Жаһандық өзгерістер жағдайындағы
ғылым мен білімнің өзекті мәселелері"**

атты XI Халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясының материалдар жинағы

12 қараша 2024 жыл

II - том

Сборник материалов

XI Международной научно-практической конференции

**«Актуальные проблемы науки и образования
в условиях глобальных изменений»**

12 ноября 2024 года

II - том

Collection of materials

**XI International Scientific and Practical Conference
"Actual problems of Science and Education in the
context of global changes"**

November 12, 2024

II - volume

Алматы, 2024

Трофимова А.В. Интеграция методов NLP и контент-анализа в социально-гуманитарных исследованиях: новые подходы и возможности	260
Shamshiyeva D., Tazhitova G.Z. The use of artificial intelligence in creating tasks to improve writing skills in english	264
Шымырбай Б.Т., Абдримова З.М. Жасанды интеллект және дауыспен басқару: медицинадағы жаңа мүмкіндіктер мен болашағы	268
СЕКЦИЯ 6. ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ: СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ СЕКЦИЯ 6. СТРАТЕГИЧЕСКОЕ УПРАВЛЕНИЕ И КОММУНИКАЦИИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ: ВЫЗОВЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ SECTION 6. STRATEGIC MANAGEMENT AND COMMUNICATION IN THE MODERN WORLD: CHALLENGES AND PROSPECTS	
Abisheva R.B., Undibayeva M.K. Using the problem-based learning approach in foreign language teaching for students in the field of tourism	273
Айтбаева Г.Ж., Жұбанова М.Х. Әлеуметтік және қолжетімді туризмнің концептуалдық аппараты	278
Alpysbai N., Karimsakov A. The influence of media coverage on femicide	283
Ахмеджанова Д.Ж., Ешмуратова Г.Ж. Туризм мамандығы студенттерінің кәсіби лексикалық құзыреттілігін дамыту (туристік жарнама материалы мысалында)	287
Bezborodova D., Bagytzhanova Zh., Makhsut S.R. Psychological theories in advertising	291
Бекбенбетова Б., Ракымжанова С.С. Особенности стратегического управления в реалиях современного мира	298
Беляева Е.А., Устюгова И.Е., Завалкина В.А. Анализ мировой и российской практики совершенствования деятельности предприятия на основе применения технологий управления персоналом	303
Богомолова И.П., Цуканова К.А., Масловская А.Н. Передовые практики реализации государственной молодежной политики в муниципальном районе белгородской области РФ	306
Богомолова И.П., Стряпчих Е.С., Волкова Н.С. Управление инновационной деятельностью предприятий молочной промышленности в условиях цифровой трансформации	310
Богомолова И.П., Бородкина А.С. Цифровизация маркетинга как коммуникационный фактор обеспечения стратегической конкурентоспособности предприятий пищевой промышленности	313
Богомолова И.П., Цуканова К.А., Рогачев Д.А. Managing the integration of trading structures using business diagnostics tools	317
Василенко И.Н., Черников В.В., Уразов Д.О. Стратегическое управление и HR-менеджмент: путь к успеху организации	322
Исаева А.А., Арыстамбаева А.З. Бюджеттеу АӨК шығындарын басқару тетігі ретінде	325
Кәрімов Д.Ж. Қызылорда облысының санаторий-курорттық кешендерінің: ерекшеліктері мен даму болашағы	331
Кишибекова Г.К. Банк саласының бәсекеге қабілеттілік факторлары	336
Күзембаева А., Тайбосунова А. Роль социальных сетей в образовательном процессе	340
Қалғанбаев Н.Ә., Астай Ә.Е. Мейрамхана бизнесіндегі қызмет сапасын басқару жүйесін жетілдіру жолдары	345
Kudyraliyeva B., Nugmanova A. The problems and solutions in teaching foreign languages to tourism students	350
Nurpeisova L.S., Sagyrbaeva D.E. Brand management and its place in the company's communication policy	355
Serikova N. The role of intercultural communicative competence in the formation of intercultural communication skills	359

полностью осведомлен о том, чего компания хочет достичь как в краткосрочной, так и в долгосрочной перспективе.

Для каждой конкретной ситуации HR может выполнять стратегическую или традиционную роль. Например, если HR проводит стандартизированную оценку рабочих качеств всех сотрудников, он выполняет роль, которая не является стратегической. Если же HR проводит оценку рабочих качеств каждого отдельного сотрудника в зависимости от выполняемых им служебных обязанностей, то он выполняет стратегическую роль. Все зависит от мыслительного процесса. Стратегический HR всегда учитывает то воздействие, которое могут оказать предпринимаемые действия на продуктивность работы персонала и достижение деловых целей [1].

Важно понимать то, кто является потребителем HR. Если считать потребителем только сотрудников организации и не учитывать бывших сотрудников, лиц, принимающих решения, потенциальных будущих сотрудников, то можно рассматривать HR только с узкой точки зрения. Однако HR должен создавать системы, призванные обеспечивать предоставление клиентам достаточных услуг. HR также должен постоянно оценивать HR-программы на основе рентабельности инвестиций (ROI) и их коммерческого действия. Специалистам в области HR следует отслеживать количественные и качественные показатели. Внимание также должно уделяться бюджету, выделяемому на HR, и тому, как HR обосновывает данный бюджет [3].

Специалисты в области HR должны понимать, что HR внутренне и внешне создает бренд компании среди ее настоящих и потенциальных будущих сотрудников, что может стать основой стратегического успеха организации.

ЛИТЕРАТУРА

1. Стратегическое управление человеческими ресурсами: ваше основное руководство [Электронный ресурс]. URL: <https://pritula.academy/tpost/p5i75pjhg1-strategicheskoe-upravlenie-chelovecheski?ysclid=m38mkh9pnx595865038>
2. Подвербных, О. Е. Стратегическое управление человеческими ресурсами : рус.-англ. учебник / О. Е. Подвербных. – 2-е изд., испр. и доп. ; СибГУ им. М. Ф. Решетнева. – Красноярск, 2020. – 200 с.
3. HR стратегия: что это, образец, пример стратегии управления персоналом компании [Электронный ресурс]. URL: https://top-career.ru/blog/three_methods_of_hr_strategy?ysclid=m38mureghf186979255

ӨОЖ 657.312.33

Исаева А.А., Арыстамбаева А.З.
Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанттары
Алматы, Қазақстан
e-mail: almyra73@mail.ru

БЮДЖЕТТЕУ АӨК ШЫҒЫНДАРЫН БАСҚАРУ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ

Түйін: Агроөнеркәсіп кешені ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді тұтынушылармен байланыстыратын, елдің тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде басты рөл атқаратын сала. Кешеннің табысты жұмыс істеуіне ықпал ететін факторлар көптеп саналғанымен, негізгісі шығындар болып табылады. Шығындарды дұрыс есепке алу оларды жоспарлаудан басталып, орын алған шығындарды бақылаумен аяқталады. Кәсіпорынды басқарудың тиімділігін арттыру әлемдік тәжірибеде озық және жақсы қалыптасқан тетіктерді қолдануды талап етеді, олардың қатарына бюджеттеу жатады. Бюджеттік жоспарлаудың процеске бағдарланған бюджеттеу жүйесі бизнес-процесс шеңберінде орындалатын операциялардың жекелеген түрлерін айқындауға, әрбір бизнес-процестің қызметін бағалауға, шығындарын есепке алуға, белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: бюджеттеу, басқару, стратегиялық болжау, шығындарды есеке алу.

A.A. Isaeva, A.Z. Arystambayeva

Doctoral students of Al-Farabi

Kazakh National University

Almaty, Kazakhstan

e-mail: almyra73@mail.ru

BUDGETING AS A MECHANISM FOR MANAGING AGRICULTURAL COSTS

Abstract. The agro-industrial complex is an industry that connects agricultural producers with consumers and plays a key role in achieving the country's Sustainable Development Goals. Although there are many factors contributing to the successful functioning of the complex, the main ones are costs. Proper cost accounting begins with planning and ends with control over the costs that have occurred. Improving the efficiency of company management requires the use of advanced and well-proven mechanisms in world practice, which include budgeting. The process-oriented budgeting system of budget planning allows you to identify individual types of operations performed within the framework of a business process, evaluate the activities of each business process, take into account costs, and achieve established indicators.

Keywords: budgeting, management, strategic forecasting, cost accounting.

Шығындарды басқару әдістемесі ретінде шығындардың пайда болуы орны, яғни шығындардың орталықтарымен байланысты қарастыру – ол бағалау көрсеткіштері негізінде шығындар мен қаржылық нәтижелерді реттеу қажеттілігі құрылымдық бөлімшелердің басшыларына бағынатын қаржылық жауапкершілік орталықтарын бөлуден туындайды. Жауапкершілік орталықтарын басқару ішкі басқаруды қамтамасыз ететін ішкі жүйелердің бірі болып есептеледі. Ішкі жүйе шеңберінде әр бөлімшенің кәсіпорын қызметінің түпкілікті нәтижелеріне қосқан үлесін бағалауға, шығындарды басқаруды орталықсыздандыруға, және де басқарудың барлық деңгейлерінде осы шығындардың қалыптасуын бақылауға болады, бұл тұтастай алғанда экономикалық тиімділікті айтарлықтай арттырады.

АӨК кәсіпорындарындағы қаржылық жауапкершілік орталығы (ҚЖО) – операцияларды жүзеге асыратын, түпкі мақсаты пайданы оңтайландыру болып табылатын және белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру мен белгіленген шектеулер шегінде шығыстар деңгейлерін сақтау үшін жоғары тұрған басқылық алдында жауап беретін цехтар немесе құрылымдық бөлімшелер түсініледі [1]. ҚЖО бойынша басқару жүйесінің мақсаты туындайтын ауытқуларды нақты басшыға жатқызуға болатындай әрбір жауапкершілік орталығы қызметінің шығындары мен нәтижелері туралы деректерді жинақтау негізінде кәсіпорынды басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады. ҚЖО бойынша басқарудың басты принципі – жауапкершілік орталығы тек шығындар және (немесе) кірістер үшін ғана жауап береді, ал кеңірек мағынада оның басшылары белгілі бір мерзім ішінде әсер етуі керек және әсер етуі мүмкін көрсеткіштер үшін ғана жауаптанады.

Кәсіпорынның қаржылық құрылымы – бұл басқарушылық есеп объектісі ретінде әрекет ететін кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері арасында бөлінген ҚЖО иерархиялық жүйесі (кірістер мен шығыстар үшін, тек шығындар үшін белгілі бір қаржылық көрсеткіштер үшін және т.б.) [2]. Дұрыс әзірленген қаржылық құрылым пайда қалыптасатын, ескерілетін және қайта бөлінетін, шығындар мен кірістерді бақылау жүзеге асырылатын «негізгі нүктелерді» көруге мүмкіндік береді. АӨК кәсіпорындарының ҚЖО бойынша тиімді басқару жүйесін әзірлеудің белгілі бір тәртібін тәжірибелік қолдануды ұсынуға болады. Әзірленген алгоритм қаржылық жауапкершілік орталықтарын дәйекті түрде қалыптастыруға, олардың өкілеттіліктерінің аясын анықтауға және нәтижесінде кәсіпорында осы жүйенің тиімді жұмыс істеуіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін 1-суреттегі кезеңдерді қамтиды [3].

Әрбір ҚЖО қызметі бухгалтерлік есеп жүйесінде көрсетілуі және жауапкершілік орталықтарының шығындары мен нәтижелерін есепке алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін екіжақты жазба арқылы тиісті бухгалтерлік есеп шоттарында ұсынылуы керек.

1-сурет. Қаржылық жауапкершілік орталықтарын қалыптастыру кезеңдері

1-кезең	Шаруашылық қызметтің негізгі бағыттарын, кәсіпорынның ұйымдық құрылымының түрін анықтау
2-кезең	Кәсіпорынның өндірістік қызметін зерттеу, технологиялық жауапкершілік орталықтарын бөлу
3-кезең	Құрылымдық бөлімшелер бойынша шаруашылық қызметтің негізгі бағыттарын бөлу, негізгі өнім шығармайтын қосалқы құрылымдық бөлімшелерді анықтау
4-кезең	Құрылымдық бөлімшелер бойынша шығындарды, кірісті, пайданы, инвестицияларды бақылауды талдау, бақыланатын баптарды анықтау
5-кезең	ҚЖО бөлу және олардың мәртебесін анықтау
6-кезең	Көлденең (ҚЖО арасында), сондай-ақ тігінен (жоғарғы буын мен жекелеген ҚҚҚ арасында) өзара іс-қимыл регламентін айқындау
7-кезең	Әрбір ҚЖО құрастыратын жоспарлар мен есептердің тізбесін құру
8-кезең	ҚЖО жұмысының тиімділігін бағалау көрсеткіштерін анықтау
9-кезең	ҚЖО құқықтары мен міндеттерін реттейтін ішкі ережелерді әзірлеу
10-кезең	Белгілі бір өнім шығаруға арналған ҚЖО шығысының шегін бекіту. Тиісінше, өндіріс көлемі өзгерген кезде бекітілген лимит пропорционалды түрде өзгереді
11-кезең	Бекітілген шығыс лимитін сақтауға бағдарланған ҚЖО уәждеу жүйесін әзірлеу

Осы ретте жауапкершілік орталықтары бойынша бірінші кезекте басшыларға берілген өкілеттіліктерге тікелей байланысты шығындар мен нәтижелерді ескеру қажет. 1-кестеде ҚЖО түрлері бойынша бөліп, белгілі бір белгілер бойынша жіктелуі ұсынылған [4].

1-кесте. Жауапкершілік орталықтарының түрлері

Жіктеу белгілері	Жауапкершілік орталықтарының түрлері
Фирмаішілік басқаруды мақсат қою	Жедел Стратегиялық
Басқару деңгейі	Кәсіпорын Кәсіпорынның бөлімдері мен қызметтері Өндірістің жекелеген түрлері Цех Бригада
Өкілеттіліктер мен міндеттер көлемі	Шығын орталықтары Табыс орталықтары Пайда орталықтары Инвестициялық орталықтар Басқару және бақылау орталықтары
Орталықтың міндеттері мен функциялары	Негізгі Көмекші
Шығындардың пайда болу орнымен сәйкестік дәрежесі	Сәйкес келеді Сәйкес емес
Жауапкершілік орталықтарының иерархиясындағы орын	Көлденең 1 ғана түрлі Көлденең көп түрлі
Ішкі экономикалық механизмге қатынасы	Талдамалық Шаруашылық есеп

АОК кәсіпорындарында ҚЖО талдай отырып, олардың өкілеттіліктері мен жауапкершілігі негізінде ҚЖО ең көп тараған бөлінісі қолданылатынын көруге болады:

Шығындар орталығы - басшылары тек шығындарға жауап беретін негізгі және көмекші цехтар;

Кіріс орталығы – бұл өнімді, қызметтерді сатудан түскен түсімге ғана жауап беретін коммерциялық қызмет және оларды сатуға байланысты шығындар үшін.

Қазіргі уақытта АӨК кәсіпорындарында жауапкершілік орталықтарының түрлері бойынша бөлу жоқ: пайда, инвестициялар, басқару және бақылау, бұл бюджетті қорғау кезінде әрбір ҚЖО тек шығындар бойынша қаралуына әкеледі және олардың қандай нәтиже беретінін анықтау мүмкін емес және олар өз қызметінің қаржылық нәтижесіне жауапты емес.

АӨК кәсіпорындарында орындалатын міндеттер мен функцияларға сүйене отырып, ҚЖО бөлінуі маңызды:

1. Негізгі жауапкершілік орталықтары өнімдерді тікелей өндірумен, жұмыстарды орындаумен жән тұтынушыларға қызмет көрсетумен айналысады. Олардың шығындары өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құнына тікелей есептен шығарылады.

2. Жауапкершіліктің көмекші орталықтары негізгі жауапкершілік орталықтарына қызмет көрсету үшін бар. Бұл орталықтардың шығындары алдымен негізгі жауапкершілік орталықтарына бөлінеді, содан соң ғана негізгі орталықтардың жалпы шығындары өнімнің өзіндік құнына қосылады. Өнімнің өзіндік құнына шығындарды өнімдер арасында бөлу арқылы қосы принципі кейде оларды бақылау және реттеу үшін жарамсыз, өйткені өнімді өндіру циклі бірнеше түрлі технологиялық операциялардан тұруы мүмкін, олардың әрқайсысы белгілі бір адамға жауап береді. Сондықтан, өнімнің өзіндік құны туралы ақпаратқа ие бола отырып, шығындардың өндірістің жекелеген учаскелері арасында қалай бөлінетінін нақты анықтау мүмкін емес.

Егер шығындар мен кірістердің тиісті қаражатты жұмсауға жауапты нақты тұлғалардың әрекеттерімен байланысты анықталса, бұл мәселе шешіледі. Шығындарды басқарудың осы тәсілі жауапкершілік орталықтары бойынша шығындарды жоспарлау кезінде мүмкін болады.

ҚЖО бойынша шығындарды басқару өкілеттіліктерді бөлу негізінде, яғни менеджерлердің шығындар мен кірістер үшін жеке немесе топтық жауапкершілігі негізінде құрылады (2-кесте) [5].

2-кесте. ҚЖО бойынша шығындарды басқару әдістемесінің сипаттамасы

Атауы	Мазмұны
Шығындарды басқару объектісі	Қаржылық басқару орталықтары
Басқарудың мақсаты	Пайда болған ауытқуларды нақты тұлғаға жатқызу үшін әрбір жауапкершілік орталығы бойынша шығындар туралы деректерді жинақтау
Шығындарды басқару бағыты	Жоспарлау, бақылау және реттеу жүйесінде қолданылатын шығындар
Шығындар түрлері: Бақылау және реттеу процесі үшін Шешім қабылдау және жоспарлау үшін Өндірілген өнімді есептеу және бағалау үшін	Бақыланатын және бақыланбайтын Айнымалы және тұрақты шығындар Тікелей және жанама
Шығындарды басқару жүйесі	Икемді бюджет Нормативті әдіс Қысқартылған шығындар әдісі

ҚЖО бойынша шығындарды басқару әдістемесінің мәні шығындарды жатқызудың және әрбір орталық үшін маржалық табысты айқындаудың қатаң реттілігінен тұрады:

- Шығындар, жүзеге асыру және шығындар қаржылық жауапкершілік орталықтары бойынша ескеріледі;
- ҚЖО-ға тікелей жатқызуға болатын шығындар оған жанама бөлу әдістерін қолданбай бөлінеді;
- Айнымалылар мен тікелей тұрақты шығындар есепке алынған кезде бірнеше шекті кірістер (толық немесе толық емес) анықталады (3-кесте) [6].

3-кесте. Айнымалы және тікелей тұрақты шығындарды өзіндік құнға қосу және маржалық кірісті көрсету сызбасы

Шығындар орталықтары	Әрбір деңгейде өзіндік құнға қосылатын шығындар	Маржиналды табыс
Бригада	Айнымалы шығындар	Толық
Цех	Айнымалы шығындар және өнімге қатысты нақты тікелей тұрақты шығындар	Толық емес
Өндірістің жекелеген түрлері – ҚЖО	Айнымалы шығындар және өнім ассортиментіне қатысты нақты тікелей тұрақты шығындар	Толық емес
Кәсіпорын	Барлық шығындар	Пайда

Бір маңызды мәселе, шығындар өзіндік құнды құрайды, ал шегерімдір жылдық жиынтық табысты анықтауға көмектеседі. Шығындар операциясын есепке алу «шығыстарды» есепке алу үшін 7-бөлім 7000-7710 шоттары, ал «шығындар» үшін 8-бөлім 8000-8400 шоттары қарастырылған [7].

Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп 41 «Ауыл шаруашылығы» Халықаралық қаржылық есептілік стандартымен (IAS) реттеледі (ХҚЕС/ IAS 41). Бұл стандарт ауыл шаруашылығы өнімін (яғни биологиялық активтерден алынған өнімді) оны алған (жинаған) сәтте ғана есепке алу үшін қолданылады. Дайын өнімді және оны қайта өңдеуді кейіннен есепке алу 2 «Қорлар» ХҚЕС (IAS) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады [8].

Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарындағы шығындарды есепке алу алгоритмі ауыл шаруашылығы процесін басқарудағы қажетті процесс болып табылады.

Ұйымның нәтижелі көрсеткіштерін есептеудің дәлдігі мен уақтылығы шығындардың аналитикалық және синтетикалық есебін қаншалықты тиімді ұйымдастыруға байланысты. Осыған байланысты шығындарды есептеу элементтері мен баптары бойынша топтастыруды көздейтін шығындарды есепке алудың тиімді жүйесін құру ерекше назар аударуға тұрарлық.

Басқарушылық есепті мамандандырылған бағдарламалық кешендерге неғұрлым тиімді интеграциялау үшін цифрлық кодтау жүйесін пайдалануға болады, мұнда алғашқы екі таңба бизнес-процестердің функционалдық бағыттарына сәйкес жауапкершілік орталығын білдіреді: 01-басқару, 02-сату, 03-жабдықтау, 04-негізгі өндіріс, 05-қосалқы өндіріс. Келесі екі таңба ұйымда жүзеге асырылатын бизнес-процестер негізінде бөлінген жауапкершілік орталықтарының кодтары болып табылады. Келесі рәміздер-бұл жауапкершілік орталықтары шеңберіндегі шығындар орындарының реттік нөмірлері. Шығындарды егжей-тегжейлі есепке алу қажет болған жағдайда, бұл жіктеуішті толықтыруға болады (4-кесте) [9].

4-кесте. Сүт өнеркәсібінің бөлінген бизнес-процестері шеңберінде шығындардың туындау орындарын жіктеу

Бизнес-процестер атауы	Жауапкершілік орталығының атауы және шығындардың туындау орны	Бухгалтерлік есеп шоты	Жауапкершілік орталығы
1. Негізгі қызмет			
Басқару	Әкімшілік	7210	01.01
	Бухгалтерия	7210	01.02
	Жоспарлау-экономикалық отдел	7210	01.03
	Қар бөлімі	7210	01.04
Өткізу	Маркетинг бөлімі		02.01
	Сату бөлімі		02.02
	Дайын өнімді сақтай қоймасы		02.03

Жабдықтау	Жабдықтау бөлімі	7110	03.01
	Шикізат пен материалдарды сақтау қоймасы	7110	03.02
Негізгі өндіріс	1. Өсімдік шаруашылығы	8111	04.01
	- бригада №1		04.01.1
	- астық өндірісі		04.01.1.1
	- техникалық өнімдер өндірісі		04.01.1.2
	- бригада №2		04.01.2
	2. Мал шаруашылығы	8112	04.02
	- мал фермасы		04.02.1
	3. Өнеркәсіптік өндіріс	8113	04.03
	- сүт зауыты		04.03.1
	-ет өңдеу өндірісі		04.03.2
1. Қосалқы қызмет			
Қосалқы өндіріс	Жөндеу және механикалық шеберханалар	8411	05.01
	Машина-трактор паркі	8412	05.02
	Автопарк	8413	05.03
	Электрмен жабдықтау	8414	05.04

Осылайша, ҚЖО бойынша шығындарды басқару әдістемесін әзірлеу, шығындарды жіктеу және басқару шешімдерін қабылдау үшін және басқару әдістерін бөлу кәсіпорынның пайдасын тиімді басқарудың негізі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Сафонова НА Бюджетирование - инструмент управления стратегией и тактикой предприятия.// Материалы межрегиональной научно — практической конференции «Экономика и мы - новые идеи» (Астрахань).- 2004., с.227-228.
2. Кукушкина, Е.В. Сущность и принципы бюджетирования [Текст] // Научное обозрение: экономика и управление. Саратов, 2013. № 6. С. 95-99.
3. Кукушкина, Е.В. Особенности контроля исполнения бюджета [Электронный ресурс] // Системное управление. 2013. Вып. № 2 (20). Режим доступа: <http://www.sisupr.mrsu.ru.pdf>.
4. Карпова В.В. Индивидуализация модели бюджетирования: концептуальные подходы и инструменты построения [Текст] //Учет. Анализ. Аудит. Финансовый университет при Правительстве Российской Федерации - 2016. - № 3.- С. 42-49.
5. Плетенской, Д.М. Внутрифирменная координация в современных условиях АПК / Д.М. Плетенской // Экономика и предпринимательство. – 2017. – № 4-2 (81-2). – С. 603-607.
6. Pletenskoy, D.M. The Budgeting as a Tool of Management of Agricultural Enterprises / D.M. Pletenskoy // Research Journal of Pharmaceutical, Biological and Chemical Sciences. – 2018. – № 9(6). – С. 1949-1957. – URL: <http://login.webofknowledge.com>.
7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығы (2019.03.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
8. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары, Алматы, 2020ж.
9. Карымсакова Ж.К., Керимова У.К., Deliana Y. Инновационное развитие АПК: проблемы и стратегия их решения. *Проблемы агрорынка*. 2024;(2):14-24. <https://doi.org/10.46666/2024-2.2708-9991.01>